

Тәрбие жұмысының 2023-2024 оқу жылындағы есебі

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімді тәрбиелеу әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір-бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процес. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса бұл – үлкендердің кінәсі»- дей келе әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

1. Ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттілігін,
2. Халқымыздың дүниетанымына және өмірлік ұстанымдары өзгеруі тиіс екендігін
3. Әйтпесе, басқа реформалардың бәрі бекер болатындығын нақты атап өткен болатын.

Биылғы 2023-2024 оқу жылында ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы аясында ұлттық мүдде ар-ұят, талап. Ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие жоспары жасалынып, жоспар бойынша колледжде біршама жұмыстар жүргізіліп келеді.

1-ші қыркүйек – білім күніне орай 13 топта «Әділетті Қазақстан», «Адал ұрпақ, саналы білім, табысты ұлт» тақырыбында топ жетекшілері ашық тәрбие сағатын өтті. С.Дүйсен, А. Бупежанова, С. Баймурзаева, А.Карибаевалар үлкен дайындықпен дайындалып жоғары деңгейде өткізді. Оқу жылын 233 білімгер, 5 мамандық бойынша 13 топ бекітілген. Оның ішінде 94 қыз бала, 139 ер бала, кәмелет жасқа толмағаны 67 білімгер. Жаңа оқу жылы барысында барлық топ жетекшілері ата-аналар жиналысын өткізіп білімгерлерге және ата-аналарға колледжішілік ережелерді және құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары таныстырылды. Басты мәселе бала тәрбиесі болғандықтан құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жоспарға сәкес іс-шаралар мен кездесулер, психологиялық саунамалар жүргізіліп қорытынды жолдаулар жасалды. Нәтижесінде 230 білімгер қатысып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жалпы жыл басынан бері 31 іс-шара өткізіліп, 17 колледж сайтына салынды. Қыркүйек айында балалардың құқықтарын қорғау мақсатында колледж психологы М.Сұлтанбекова «Өз құқығыңды білесіңбе» тақырыбында тренинг жұмыстарын жүргізді. Кәмелеттік жасқа толмаандардың арасында қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша колледжде мобильдік топ құрылды. Қазіргі таңда мобильдік топтың арнайы жоспары жасалынып, түнгі рейдтер мен кездесулер өткізіліп отырды.

Қыркүйектің 28 күні «Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында 1-2 топ білімгерлерімен кездесу өткізілді. Кездесуде Сарысу АІІБ- полиция капитаны А.Смағұлов құқықбұзылыққа байланысты әр топтарға түсіндірме жұмыстарын жүргізді. 128,132,133,200 және 442 – баптарды кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз сағат 22-00 ден таңғы 06-00 ге дейін жасөспірімдердің көңіл көтеретін орындарға баруына тыйым салынғаны жөнінде айтып түсіндірілді. Қыркүйек айында білімгерлердің тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында әр ауылдың әкімшіліктерден арнайы анықтамалар алынып,

нәтежиесінде жағдайы төмен және аз қамтылған, көп балалы отбасы балалары анықталды.оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек алатындар саны 3,көп балалы отбасылар 53,аз қамтылған отбасы 123.

Қазіргі жастардың дәстүрлі емес діндердің қатарына еніп кетпеуі мақсатында арнайы дінтанушы, теолг мамандар шақырылып отырады.солардың бірі Жамбыл облысы әкімдігі дін проблемаларын зертеу орталығын маманы Тілеухан Бағдаулет, дінтанушы теолог Тайтілеев Файзулла және аудандық дінтанушы теолог маман Мақсат Мырзағараевтар келіп, студенттер мен кездесу өткізеді.